

"ҚҰҚЫҚТАНУ" ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

11-сынып

1. Мемлекеттің негізгі белгісі:

- 1) мемлекеттің егемендігі
- 2) билік, дәстүр
- 3) ұлттық валюта
- 4) ту, елтаңба, ән ұран
- 5) конституция

2. Құқықтық нормаларына және заң фактілеріне сәйкес туындайтын қоғамдық қатынастар:

- 1) діни қатынастар
- 2) құқықтық қатынастар
- 3) адами қатынастар
- 4) моральдық қатынастар
- 5) саяси қатынастар.

3. Саяси пана беру мәселесін кім шешеді?

- 1) Премьер-министр
- 2) Сыртқы істе министрі
- 3) Әкімдер
- 4) Президент
- 5) Әділет министрі

4. Қабілеттілік өз әрекеттері арқылы құқықтар мен міндеттерді жүктейді, сондай-ақ оларды жүзеге асыру -бұл:

- 1) әрекеттілік
- 2) құқық қабілеттілігі
- 3) құқық субъектілігі
- 4) субъективтік құқық
- 5) деликатты қабілеттілік

5. ҚР ұлттық банкіне жетекшілік жүргізіледі:

- 1) ҚР Парламентімен
- 2) ҚР Үкіметімен
- 3) ҚР Президентімен
- 4) ҚР Ұлттық банк төрағасымен
- 5) Премьер-министрмен

6. «Еріктілік» критеріі бойынша заң фактілері бөлінеді:

- 1) заңды, заңсыз
- 2) әрекеттер, актілер
- 3) заң актілері, заң әрекеттері
- 4) оқиғалар, әрекеттер
- 5) құқықты құрушы, құқықты өзгертуші.

7. Жеке тұлғаларда әрекетке қабілеттілік туындайды:

- 1) заңда анықталған жасқа толған сәттен бастап
- 2) туылған сәттен бастап
- 3) орта мектепті бітірген сәттен бастап
- 4) олар заң бұзған сәттен бастап

5) кез келген сәттен бастап.

8. Салық субъектісі – бұл:

- 1) салық төлеуге міндетті емес тұлға
- 2) салық төлеуге міндетті тұлға
- 3) салық төлеуге міндетті заңды тұлға
- 4) жеке тұлға
- 5) шетел азаматтары

9. Нормативтік-құқықтық акті деген ұғымның мағынасын қандай анықтама аша алады? Нормативтік-құқықтық акт – дегеніміз:

- 1) ерекше нысанда шыққан ресми құжат – құқық нормаларын қамтитын құзырлы құқықшығармашылық органның құжаты
- 2) қоғамдық қатынастарды реттейтін жалпы сипаттағы мінез-құлық ережесі
- 3) моральдық, адами қатынастарды реттейтін мінез-құлық ережесі
- 4) жеке акті түрінде берілген нақты ұйғарым
- 5) көрсетілген адам үшін орындалуы міндетті ауызша, ерікті нұсқау.

10. Заңды білмеу жауапкершіліктен босады ма?

- 1) босатады
- 2) кәмелетке толмағандарды ғана
- 3) жоқ, босатпайды
- 4) жағдайға байланысты
- 5) сот рұқсат бергенде ғана

11. Заңға тәуелді нормативтік-құқықтық акт:

- 1) басқару органы қабылдап, заңдардың негізінде және орындалу үшін, қатаң түрде заңға сәйкес шығарылған нормативтік акт
- 2) нотариус құрастырған және растаған кез келген жазбаша құжат
- 3) бұл заңдар жинағы
- 4) бұл діни қатынастарды реттейтін ереже
- 5) кез келген ресми акт.

12. Көрсетілген нормативтік актілердің қайсысының заңдық күші басым?

- 1) директор бұйрығы
- 2) жергілікті органдардың шешімі
- 3) министрдің бұйрығы
- 4) министрліктің нұсқауы
- 5) премьер-министрдің өкімі.

13. «Сот прецеденті» және «нормативтік-құқықтық акт» деген ұғымдарды білдіретін жалпы терминді табыңыз:

- 1) құқық; көзі (нысаны)
- 2) құқықты қолдану актілері
- 3) құқықты түсіндіру актілері
- 4) құқық функциясы
- 5) құқықтағы кемшіліктер.

14. Меншік құқығы тұрады:

- 1) билік етуден (пайдаланудан)
- 2) ие болудан, пайдаланудан, билік етуден (пайдаланудан)

- 3) ие болужан
- 4) жедел басқарудан
- 5) мүлкін алудан

15. Құқықтық мемлекеттің негізгі мақсаты неде:

- 1) лайықты өмір сүруді қамтамасыз ететін жағдай туғызу және адамның еркін дамуы, белсенді азаматтық қоғамды қалыптастыру
- 2) экономиканы көтеру
- 3) ішкі және сыртқы саясатта мемлекет тәуелсіздігін бекіту
- 4) құқықтық тәртіпті, меншікті қорғау
- 5) зейнетақылар мен жәрдемақыларды уақытылы беру.

16. Қылмыстық жауапкершіліктің негізі болып табылады:

- 1) кінә
- 2) тұлғаның жеке құрамы
- 3) қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерінің болуы
- 4) әрекетпен келтірілген қоғамдық қауіпті салдар
- 5) қасақаналық

17. Жаратылыс құқығының негізінде құқықтық мемлекет теориясын әзірлеген автор кім?

- 1) Аристотель
- 2) Платон
- 3) И. Кант, Монтескье
- 4) Джон Локк
- 5) К. Маркс, Ф. Энгельс.

18. Биліктің ұстану және қарсы тұру жүйесінің болуы құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Бұл қағида нені білдіреді:

- 1) биліктердің (заң шығарушы, атқару, сот) бір-бірінің қызметіне араласпауын, билік узурпациясының талпынысын кідіртуге бағытталған механизмдердің болуын
- 2) заң шығарушы биліктің атқарушы билікке бағынуын
- 3) барлық биліктің тек президентке бағынуын
- 4) азаматтардың құқықты, заңды сыйлауы, кез келген заң бұзушылыққа қарсы тұруын
- 5) құқықтық нормалар әрекетінің тиімділігін және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін.

19. Заңды тұлғаның белгісін көрсетіңіз:

- 1) басқару органдарының болуы
- 2) оқшауландырылған мүліктің болуы
- 3) басқарушының болуы
- 4) өкілеттілік
- 5) әділет органдарында тіркелуі

20. Құқық пен мемлекеттің пайда болуының «психологиялық теориясын» кім дамытты?

- 1) Петражицкий, Фрезер, Тард
- 2) Гроций, Гоббс, Руссо, Радищев
- 3) К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин
- 4) Авиценна, әл-Фараби, Ф.Ницше
- 5) Л.Троцкий, Н.Бухарин, И.Сталин

21. Құқықтың басты мақсатын атаңыз:

- 1) бағалау
- 2) танымдық
- 3) регулятивтік, қорғаушылық
- 4) тәрбиелік
- 5) мәдениеттілік

22. Құқық нормалары өзара байланысты және келісілген дегенді көрсететін құқық белгісі:

- 1) жүйелілік
- 2) мемлекет кепілдігі
- 3) реттеуші
- 4) құқықтың еріктік сипаты
- 5) формальды анықтамалық.

23. Қылмыстық жауапкершіліктің негізі болып табылмайды:

- 1) кінә
- 2) тұлғаның жеке құрамы
- 3) қылмыс құрамының белгілері бар әрекет
- 4) әрекетпен келтірілген қағамдық қауіпті салдар
- 5) қасақаналық

24. Қазақстан Республикасы – әлеуметтік мемлекет. Бұл деген ...

- 1) мемлекет халықтың барлық топтарының қамын ойлайды
- 2) мемлекет бір үстем топтың мүддесін ойлайды, осы топқа лайықты заң шығарады
- 3) нарық пен нарықтық қатынастар дамыған мемлекет
- 4) мемлекет тек зейнеткерлер туралы ойлайды
- 5) мемлекет сыртқы қарыз бойынша жауап береді

25. Өркениетті қоғамда мемлекеттің басты қызметі қандай?

- 1) заң шығару
- 2) шаруашылық қызмет
- 3) салық салу
- 4) адам құқықтары мен мүдделерін қорғау
- 5) өзге мемлекеттермен экономикалық байланыс жасау